

**«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
«Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті» мәжілісінің
№ 4 хаттамасы**

Тараз қаласы

26.06.2025 ж.

Қатысқандар:

Есимова Ш.А., Дарибаев Ж.Е., Иржанова Г.Ж., МаксUTOBA A.A., Исабекова Г.Б., Тасуов Б.Т., Садыбаев А.К., Нурпеисов М.К., Кабдушев А.А., Маткурбанова Ж.Д. және факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссияларының төрағалары .

Қатыспағандар: Турарова А.Н., Ернишев К.А., Балкибаева Г.А., Ултанбаев А.Б.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Даму Бағдарламасының оқу жылы бойынша көрсеткіштерінің орындалуы туралы
2. Факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссиясы жұмысының жылдық есептерін талдау
Әр түрлі мәселелер:
3. СМЖ құжаттарының реестрі және үйлестіру мәселелері
4. Ректор блогындағы сұрақтарға жауап беру регламентін әзірлеу туралы

Тыңдалды.

1-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Ж.Дарибаев сөз алды.

Құрметті комитет төрайымы және комитет мүшелері, сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған Даму Бағдарламасы және сол бойынша 2024-2025 оқу жылы көрсеткіштерінің орындалуы туралы мәліметтермен таныстырып өтейін. 2024 жылы 19 наурызда «М.Х.Дулaти атындағы Тараз өңірлік университеті" КЕ АҚ 2029 жылға дейін Даму бағдарламасы әзірленіп, Директорлар кеңесінде бекітілді. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен қабылданған және Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына негізделді.

Даму бағдарламасы бойынша 7 бағыт, 7 мақсат, 22 міндет және негізгі 117 көрсеткіш бар.



117 көрсеткіштің 66-сы орындалған. 51 көрсеткіш орындалмаған. Яғни 60% үлесі орындалған. Бірақ барлықтарыңыз білетіндей КазНУВХИ өткен жылдың 19 қыркүйегіннен бастап бізден бөлінді. Бұл көрсеткіштердің көп бөлігі КазНУВХИ еншісінде. Егер біз ирригация университетін алып тастап есептесек 97 көрсеткіш орындалған, 20 көрсеткіш орындалмаған болады. Яғни орындалмаған көрсеткіштер 13% құрайды. Оқу орны екі ЖЖО-ға бөлінуіне орай, Даму бағдарламасына толық актуализациялау жүргізілді. Стратегиялық бағыттар саны 6-ға өзгертілді. Мақсаттар, міндеттер, түйінді көрсеткіштер өзектендірілді.



Сонымен қатар, оқу орны екі ЖЖО-ға бөлінуіне орай, даму бағдарламасының №4 қосымшасы да әзірленді, жауапты қызметкерлерден мәліметтер жинақталды, семинарлар ұйымдастырылып, мақсатты индикаторларды талдау-сараптау жүргізілді, министрлікте көрсеткіштер келісілді. КазНУВХИ үшін де Даму бағдарламасы индикаторларын әзірлеу, № 4 қосымшасын әзірлеу, ҚР ҒЖБМ келісім алу жүргізілді. 2024 жылда Даму бағдарламасының орындалу көрсеткіштері күнтізбелік жыл бойынша орташа көрсеткіш 78% болған.

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға рахмет! Ұсыныстарыңыз, сұрақтарыңыз бар болса, айтсаңыздар.

Төрайым: Құрметті комитет мүшелері, университеттің даму бағдарламасы көрсеткіштерінің орындалуы сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз жоқ болса мәліметтерді назарға алайық.

ШЕШІМ: Мәліметтер назарға алынсын.

2-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму жөніндегі басқарма басшысы Ж.Дарибаев факультеттер бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссиясының 2024-2025 оқу жылындағы есебін талқылауға ұсынды. Ол үшін 3-5 минуттық регламентке сәйкес әрбір комиссия төрағасы бекітілген жылдық жоспарға сай атқарылған негізгі іс-шараларды баяндауы тиіс.

**Факультеттер бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссиясының
2024-2025 оқу жылындағы төрағалары**

№	Факультет атауы	Төрайымдар
1	Филология және гуманитарлық ғылымдар факультеті	Нусупова А.Ж.

2	Технологиялық факультеті	Тлешова А.Қ.
3	«Экономика және құқық» факультеті	Альпеннова Б.А.
4	Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультеті	Ерлеспесова А.Қ.
5	Жаратылыстану ғылымдары факультеті	Шаймерденова Г.З.
6	Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультеті	Кульбаева Д.Д.

Негізі, комиссия жұмысы Академиялық проректор тарапынан қадағалануы тиіс және ереже бойынша бұл комиссия жылына бір рет факультет кеңесінде есеп беруі тиіс. Бірақ, алдыңғы уақыттардағы мұндай есептерді біз көре алмадық. Сондықтан, бүгін осы бір маңызды бағытқа көңіл бөліп отырмыз және жылдық есептеріңізді тыңдау барысында, тасада қалып қойған бірқатар мәселелерге көңіл аударамыз деп ойлаймын.

Факультеттер бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссияларының төрағалары жоспар бойынша жыл бойы атқарылған жұмыстар есебін таныстырды.

Нусупова А.Ж. сөз алды: Құрметті комитет мүшелері, “Филология және гуманитарлық ғылымдар” факультеті бойынша 7 кафедра жұмыс жасайды. Біздің факультет бойынша жоспарға сай жұмыс жасалынды. Факультетте бакалавр бойынша 10 білім беру бағдарламасы, магистратура 5 білім беру бағдарламасы, докторантура 2 білім беру бағдарламасы бар. Бакалавриат бойынша 50 пайыз білім беру бағдарламалары жаңартылды. Білім бағдарламаларын 2024-2025 оқу жылына жаңарту, өзгеріс енгізу, сапасын жақсарту мақсатында біраз жұмыстар жасалынды. Атап айтсақ, аталған білім бағдарламаларында оқытылатын пәндерге байланысты оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз етіліп жатыр, университеттің кітапханасының басшысына біраз әдебиеттерге тапсырыс берілді. 2024-2025 оқу жылындағы оқу жоспары мен академиялық күнтізбеге сәйкес 2-3 курс студенттері мектептегі тілдік практикадан, педагогикалық практикадан, Тараз қаласының мектептерінен практикадан өтті.

Факультетке қарасты білім беру бағдарламасын оңтайландыру, білім беру сапасын жақсарту мәселесі де қозғалды. Білім беру бағдарламасын оңтайландыруға байланысты іс-шаралар ұйымдастырылып, тәжірибесі көп, ғылыми атағы бар білімді оқытушылар дәріс сабақтарды жүргізуде және кафедраның аға оқытушыларын дәрежесін жоғарлату үшін докторантураға оқуға жіберіліп жатыр, кафедраның профессор-оқытушылар құрамы, оқу сапасын жақсарту мақсатында, оқу үрдісін инновациялық өнімдермен қамтамасыз етіп, оқу әдістемелік құралдар, электронды оқулықтар, монографиялар т.б. оқу құралдарын жасап шығарды.

Факультеттің оқу сапасын қамтамасыз ету бойынша аккредитациялық процедурадан барлық білім бағдарламалары өтті. 2024-2025 оқу жылына арналған оқу сапасын қамтамасыз ету жоспары бойынша жиналыс өткізіліп, мәселелер қарастырылды.

Төрайым сөз алды: Сіздер білім беру бағдарламаларын қанша пайызға өзектендірдіңіздер?

Нусупова А.Ж.сөз алды: 30 пайызға дейін жаңартыңыздар деп айтқан. Бірақ 50 пайызға дейін жаңарту жұмыстары жүргізілді.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Қанша білім беру бағдарламасының дамыту жоспарын жаңарттыңыздар?

Нусупова А.Ж.сөз алды: Білім беру бағдарламасының дамыту жоспарын есепке кіргізбедім.

Тлешова А.Қ. сөз алды: Бұл жерде құпия көп, мен айтсам болады ма? Мен білім беру бағдарламасын жаңартуды қазір естіп отырмын. Бізге факультеттен ақпарат жетпейді. Ол кафедраның іргесінде қалып қояды. Пәндердің тізімін біз әрең алдық. Көбісі әлі алған да жоқ. Пән 50%-ға, 60%-ға жаңартылды деп айтады. Бірақ пәннің өзін сұраған

кезде тауып бере алмайды. Әдебиетті жаңарту, қосу бағытында да осындай проблемалар кездеседі.

Иржанова Г.Ж сөз алды: Мен жауап беріп өтейін. Бұл мәселелер кешегі ғылыми кеңесте де айтылды. Қазіргі уақытта РУП-тар бізде бекітілген жоқ. Бекітілгенде сіздерге мәліметтер беріледі.

Тлешова А.Қ. сөз алды: Технологиялық факультеттің оқу-әдістемелік жұмысының негізгі бағыттары:

- Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жетілдіру;
- Жаңартылған мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес оқу процесін ұйымдастыру.

Факультет бойынша барлығы 8 кафедрада, 25 БББ бакалавриат, 13 БББ магистратура, 3 докторантура бар. Оқу әдістемелік құралдардан 7 оқулық, 5 монография және осы оқу жылында жоспараланған мерзімде 12 оқулық, оқу және оқу-әдістемелік құралдар, монография, электрондық құралдар әр түрлі себептерге байланысты баспадан шықпады. Оқу жылы барысында Технологиялық факультетте емтихан материалдарының сапасын арттыру және жаңарту мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілді. Бұл жұмыс сапалы білім беруді қамтамасыз етуге, студенттердің оқу жетістіктерін объективті бағалауға бағытталды. Технологиялық факультетінде барлығы 737 пән бойынша емтихан материалдары жаңартылып, 100 % жаңа мазмұнмен толықтырылды.

Комиссия тарапынан жүргізілген сараптама нәтижесі бойынша:

- Емтихан сұрақтарының академиялық шынайылығы мен өзектілігі жоғары;
- Бағалау критерийлері нақты әрі өлшемді;
- Тапсырмалар студенттердің пәндік құзыреттерін анықтауға мүмкіндік береді;
- Плагиат пен механикалық есте сақтау негізіндегі сұрақтар қысқартылды, ойлау қабілетін тексеретін сұрақтар үлесі артты.

Сараптама кезінде емтихан материалдарының 52 % "жоғары сапа" деңгейіне сәйкес деп танылды.

Ақпараттық жүйелер кафедрасы бакалавр бойынша – 631 пән, магистратура бойынша – 85, докторантура – 21 пән, оның ішінде 368 аралас, 141 – жазбаша, Шығармашылық – 42, курстық жұмыс – 23, Курстық Жоба – 27, тест – 392.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Аккредиттеу агенттігінің эксперттер ұсынымдары бойынша қандай жұмыстар атқардыңыздар, ол туралы есептерге ешқандай материал неге қамтылмаған.

Тлешова А.Қ. сөз алды: Осы бойынша менде бір сұрақ бар еді. Мысалы, бізде сапаны қамтамасыз ету комиссия төрайымдарының бір орталығы жоқ. Сұрақтармен тікелей сізге барамыз ба? Бізге бір чат ашып, ұсыныстар айтып, соны талқылау керектігін айтатындай. Мен өзім жаңадан осы жылы төрайым болғандықтан, көп нәрсені білмейді екенмін.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Комиссия ішінде жеті сегіз адам барсыздар ғой. Әрі тәжірибелі мамансыздар. Өздеріңіздің білім бағдарламасын қалай күшейту керек екендігін сіздерден артық білетін ешкім жоқ қой. Ал, сұрақтар туындаса, кеңес қажет болса, біз әрдайым дайынбыз. Жаңа оқу жылы басында сапа комиссиялары төрағаларын жинап, семинар кездесу өткізу жоспарымыз бар. Сол жерде бірқатар кеңестер беріледі.

Тлешова А.Қ. сөз алды: Ұсыныс бойынша, болмаса сұрақ бойынша, ереже бойынша деген сұрақтарды сұрауға.

Төрайым сөз алды: Ия келіңіздер, сіздерге есігім әрқашанда ашық. Сіздер жасап жатқан барлық жұмыстарыңыз, мысалы лицензия, аккредитация, Білім беру бағдарламасын реестрге салу барлығы да сапаға жатады. Осылардың барлығын есепте көрсетсеңіздер болады. Университетте жасалып жатқанның барлығы ішкі сапаны қамтамасыз етуге жатады.

Тлешова А.Қ. сөз алды: Бізде негізінен екі ұғым бар, сапаны қамтамасыз ету деген және сапамен менеджменті деген. Сол СМЖ деген сізге тікелей қарайтынын мен білем.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Кез келген уақытта келіп хабарласуға болады. Сіздердің комиссияның аты факультеттегі сапаны қамтамасыз ету, оқу үдерісіндегі. Ол білім беру бағдарламасы болсын, емтихан сұрақтары болсын, яғни оқу үдерісіне қатысты барлық мәселелер. Мысалы, қараңызшы, жаңа есеп бердіңіз. Оқу-әдістемелік құралдар жалпы 24-тің 12-і орындалған, 12-і орындалмаған. Яғни жартысы сапалы, жартысы сапасыз деген сөз. Не себепті, айтыңызшы осы сапа көрсеткіші неге орындалмады?

Тлешова А.Қ. сөз алды: Әр қайсысының себебі бар. Өздерінен сұратқызып, жазып енгізіп қойдым.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Енді, жоспарлау - ол қыркүйек айынан басталып, маусымның 1-не дейін аяқтауды сіздер дұрыс жоспарлай білулеріңіз керек. Есеп қаралу үстінде деген не ол, қазір маусым айы аяқталды, оқу жылы бітті, сонда әлі қаралу үстінде ме? Осындай нәрселердің барлығын сіздер нақты есеп беріп, нақты рәсімдеу керек.

Төрайым сөз алды: Абиляхан мырза, көріп тұрсыз ғой 50% орындалған, 50%-ы орындалмаған. Сіздер, жалпы осы есептерді көрдіңіздер ма, қарастырасыздар ма?

Кабдушев А.А. сөз алды: Технологиялық факультетте ірі гранттың 3 бағыты жүзеге асып жатыр. Осы гранттың бір бағыты білім беру бағдарламаларын жаңарту бойынша. Биыл қанша БББ жаңарттыңыздар?

Садыбаев А.К. сөз алды: Тамақ өндірісі саласы бойынша 6B07214-Тамақ және қайта өңдеу өндірісінің технологиясы және инжинирингі ББ-на қажетті толықтырулар енгізілді. Келесі, химия саласы білім беру бағдарламасына пәндер енгізілді. Және жеңіл өнеркәсіп бойынша толықтырулар енгізілді.

Төрайым сөз алды: Гүлнур Болатбекқызы, маған қырғыздар жазған, осы тамақ өндірісіне байланысты Erasmus жобасына серіктес болыңыздар деп. Ол жерде қаржыландыру гранты бар, үлкен сомаға. Бірақ кафедра меңгерушісі біз жұмыс істемейміз деп хат жазған. Бұл жерде үлкен жоспар жасаудың қажеті жоқ. Барлығы жасалынған, тек қана олар серіктес іздеді. Сонда біз дайын нәрседен бас тарттық.

Садыбаев А.К. сөз алды: Ол жерде хат – тамақ өндірісі бойынша келді. Ашығын айтқанда, тамақ өндірісі білім беру бағдарламасы өте қиын жағдайда. Өйткені, білім беру бағдарламасында контингент өте төмен, 3 студент білім алып жатыр.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Білім беру бағдарламаларының дамыту жоспарлары қаншалықты жаңартылды?

Тлешова А.Қ. сөз алды: Барлығы жаңарған. 15, 30, 50 пайыз деп ойламаймын негізі.

Төрайым сөз алды: Мынау жауап маған ұнаған жоқ, деп ойламаймын деген не? «Шамамен, солай сияқты» деген қандай жауап? Неге нақты жауап жоқ?

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Мұны сұрап жатқаным, сайтты тексергенімде: Дизайн, текстиль, азық –түлік технологиясы дамыту жоспарларының әзірленген мерзімі 2023 жылмен тұр. Одан кейін 2 жыл өтті ғой. Жаңартыңыздар деген агенттік сарапшылары тарапынан қаншама ұсынымдар жасалынды. Ал сайтта, сол жаңармаған күйде тұр. Сондықтан, сізден сұрап жатырмын жаңарды ма, сарапшы ұсынымдары іске асты ма деп. Сайтта 2024 жылмен немесе 2025 жылмен жаңартылған білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын көрген жоқпын. Ал сіздер жаңартып жатырмыз дейсіздер. Кімге сенеміз сонда? Және бұл туралы есепте бірде бір мәлімет жоқ. Мына есепті қайтадан жасаңыздар. Ішінде тек пән емтихандарының мәселесі ғана жазылған. Басқа ештеңе жоқ. Сіздер факультеттің сапа комиссияларысыздар. Оқу процесі тек емтиханнан ғана тұрмайды ғой.

Төрайым сөз алды: Абиляхан мырза, осы мәселелерді қолға алыңыздар. Есепті қайта қараңыздар. Нақты қанша БББ реестрге тіркелді, қанша пайызы жаңартылды, нақтылап көрсетіңіздер.

Садыбаев А.К. сөз алды: Пайызды ешкім нақты толық есептей алмайды.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Ол оңай ғой, мысалы факультетте 40 БББ болса, соның 20-ы жаңартылса, демек 50 пайыз жаңартылды деген сөз. Неге нақтылықтан қашасыздар? Шешім қабылдайық, онда, бәріміз, есепті қайтадан қарау туралы. Материалдармен толықтыру қажет.

Төрайым сөз алды: Келесі факультеттің есебін қарайық.

Альпенова Б.А. сөз алды: Экономика және құқық факультетінің есебін назарларыңызға ұсынамын. 2024-2025 оқу жылында Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның жұмыс жоспары бекітіліп, тиісінше комиссия құрамы бекітілді. Жыл бойы жұмыстар атқарылды.

Төрайым сөз алды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелерін бекіткен кезде, лауазымдары көрсетілу керек екенін ескертемін.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелерінің ішінде студент бар ма?

Альпенова Б.А. сөз алды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның мүшелерінің ішінде студент жоқ.

Дарибаев Ж.Е. сөз алып: Университеттің бекітілген «ҚЕ 3.29-2024 Факультеттің сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы туралы ережесі» бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия мүшелерінің ішінде білімгер болу керек.

Альпенова Б.А. сөз алды: Біздің факультетте жалпы 6 кафедра бар. 6 кафедраға қатысты факультет бойынша 2024-2025 оқу жылында барлығы 25 білім беру бағдарламалары бойынша білім берілуде, оның ішінде 13 бакалавр, 12 магистратура.

2024-2025 оқу жылында 2 білім беру бағдарламасы қолданысқа енгізілді, яғни 1 бакалавр 6B04149 – «Мемлекеттік қызметтерді басқару» БББ Мемлекеттік тапсырыстың негізінде шұғыл түрде ашылған және 2024 жылы 12 студент қабылданған жоғарғы оқу орнынан кейін. Тиісінше осы БББ қатысты факультетте бакалавр бойынша жаңа пәндердің кешендері әзірленді, магистратура бойынша 1 БББ 7M04131 – «Іскерлік әкімшілік» ашылып, 35 магистрант қабылданған, бұл жерде де тиісінше жаңа пәндердің оқу әдістемелік кешендері әзірленіп даярланды. 2024-2025 оқу жылына факультеттегі жоғарыдағы аталған барлық БББ 2025 жылғы Мемлекеттік стандарттағы өзгерістер мен енгізулерді ескере отырып, талаптарға сай қайта жаңартылып, өңделіп, реестрге жіберілді. Бүгінгі күнде осы бағдарламалардың, бакалавр бойынша 88% сарапшылардың растауынан өтіп, қолданысқа ие болды, ал магистратура бойынша 92% сарапшылармен расталып, қолданысқа ие болды. Қалған БББ сарапшылардың ескертулерін түзетіп қайта реестрге жіберілді. 2025-2026 оқу жылына факультетте жаңа білім беру бағдарламалары жоспарланып реестрге енгізілуде, 2 бакалавр ББ атап айтсақ: 6B11110-«Туризм саласындағы цифрлық» қазір сарапшылар қарауында тұр, 6B041-«Бағалау» реестрге енген жоқ, өңделіп жатыр. 2 магистратура ББ туралы айтсақ: 7M04142-«Мемлекеттік қызметтерді басқару» сарапшылардан расталып, қолданысқа ие болды, сонымен қатар 7M049-«Су дипломатиясы» жаңадан жоспарланған, бірақ кеңесте бекітілген жоқ және 1 докторантура ББ бар, атап айтсақ: 8D049-«Құқықтану» БББ сарапшылардың қарауынан өтіп, қолданысқа ие болды. Атап айтсақ, жалпы жоспарланған білім беру бағдарламаларының барлығы жаңаланып, реестрге енгізілді, оның ішінде бакалавр бойынша 2 білім беру бағдарламасы бүгінгі күнде сарапшылардың растауынан өткен жоқ. Қалғандары енгізіліп, бекітуге дайындық үстінде.

Төрайым сөз алды: Рейтинг бойынша сіздердің Білім беру бағдарламаларыңыз қандай позицияда тұр? Мысалы «Атамекен» рейтингте қай орындасыздар?

Альпенова Б.А. сөз алды: Жалпы мынау «Қаржы» білім беру бағдарламасы «Атамекен» рейтингте алдыңғы оқу жылында 45-тің 41-ші позициясында тұрсақ, биылғы жылдары біз ол орыннан түсіп кеттік.

Төрайым сөз алды: Білім беру бағдарламасын реестрде енгізген кезде, эксперттер жан-жақты сараптайды. Олар ESG, ИСО 9001:2015, білім стандарттарына сәйкестігін қарайды. Техникалық жағынан реестрден өттіңіздер. Бірақ рейтинг бойынша көрсеткіштер

өте төмен. 170 білім беру бағдарламасының тек қана 12 данасы ғана алдыңғы орындарда. Осы нәтижеден көріп отырғанымыздай біздің білім беру бағдарламаларымыз басқа жоғары оқу орындарына қарағанда деңгейі төмен. Демек, бізде білім беру бағдарламаларына жан-жақты зерттеулер жүргізілмейді. Сондықтан, білім беру бағдарламаларында жақсарту шараларын жасау қажет.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Тағы бір сұрақ «Менеджмент» білім беру бағдарламасын дамыту жоспарын қаншалықты жаңартып отырсыздар? 5 жыл ма? Әлде 3 жыл ма?

Альпенова Б.А. сөз алды: 3 жылға жасаймыз.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: «Менеджмент» ББ бекер айтып отырған жоқпын. Оны 2020 жылы бекітілген жоспарларыңыз тұр сайтта. Сіздер, мүлдем бақылау жасап отырған жоқсыздар. Есепті қалай дайындайсыздар? Өйткені, эксперттердің барлығы көріп отыр, білім беру бағдарламасының дамыту жоспары ескі екенін. Ол бойынша жұмыс жасалынбағанын, мониторинг жүргізілмегенін. Сондықтан, сіздер соңынан санағанда 4-ші орын болып отырсыздар. Жүйелі түрде жұмыс жасау керектігін ұғынатын уақыт болды деп ойлаймын. Қағаз жүзінде барлығы әдемі болғанымен, рейтингте соңғы орындарда жүрсіздер. «Менеджмент» ББ де, «Қаржы» ББ да соңында жүрсіздер. Сіздер қалай сапа туралы айтып тұрсыздар?

Есептегі 3-ші бетті қараңызшы: «Сараптама қорытындысы бойынша жаңартылған емтихан материалдарының 68% «жоғары сапа» деңгейіне сәйкес деп танылды» деп көрсеткенсіз. Жоғары сапа деңгейіне сәйкес деп кім таныды? 68% қай жерден алынған сан?

Альпенова Б.А. сөз алды: Бұл жерде техникалық қателік кеткен 68% емес, 30% болады.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Айтыңызшы, «Жоғары сапа деңгейі» деген бізде категория барма? Оны кімдер анықтайды? Және есептің төменгі жағында «Факультетте емтихан материалдарын әзірлеуге қойылатын талаптарды нақтылайтын және бағалау критерийлерін анықтайтын арнайы әдістемелік нұсқаулықтар әзірленді» деп жазғансыз. Сол әдістемелік нұсқаулықты көрсек бола ма? Қай жерге қойдыңыздар? Сайтта жоқ. Тіркелген, бекітілген нұсқаулық па ол? Бар ма ондай нұсқаулық?

Альпенова Б.А. сөз алды: Ия

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Қай жерде тұр?

Альпенова Б.А. сөз алды: Факультетте тұр.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Тіркелген бе, бекітілген бе ол нұсқаулық? Мүмкін, сол нұсқаулықта жазылған шығар, «жоғары сапа» деңгейін анықтамасы туралы? Тек сіздер емес, басқа факультеттерде де солай. Өтірік нәрсені жаза беруді қою керек қой.

Төрайым сөз алды: Сіздер студенттер арасында сауалнама өткізесіздер ма? Өздеріңіздің факультеттеріңіз бойынша.

Альпенова Б.А. сөз алды: Семестрда 2 ақ рет өткіздік.

Төрайым сөз алды: Есепте көрсетілмеген ресми нәтижелері барма?

Альпенова Б.А. сөз алды: Бұл есепте нәтижелері көрсетілмеді.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Жоқ, сіз есепте былай көрсеткенсіз: «Факультеттің түлектері жаңартылған емтихан материалдарының нәтижелері туралы өз пікірлерін білдіре алады», бар ма ондай сауалнама?

Альпенова Б.А. сөз алды: Деканатқа келіп өздерінің пікірлерін айтып жеткізеді.

Төрайым сөз алды: Сауалнама өткізесіздер ма? Ресми түрде барлығына таратып өткізесіздер ма?

Альпенова Б.А. сөз алды: Барлығына емес, таңдаулы топтарға 2 семестрде өткіземіз.

Төрайым сөз алды: Неге таңдаулы?

Альпенова Б.А. сөз алды: Себебі, университетте барлық студентті қамтып өткізеді.

Төрайым сөз алды: Сіздер факультет бойынша профессор–оқытушы құрамға, білім беру бағдарламасының сапасы туралы және студенттердің сіздердің факультеттеріңізге қанағатану деңгейі сияқты сауалнамалар жүргізулеріңіз керек. Университеттің жалпы сауалнамасынан сұрақтары басқаша. Декандар соны қолға алу керек.

Кабдушев А.А. сөз алды: Сырттан сауалнамаға орай ұсыныстар аласыздар ғой. Яғни, жұмыс берушілермен қалай жүргізіледі? Айтып бере аласыз ба?

Альпенова Б.А. сөз алды: Бізде жұмыс берушілер жылына бір мәрте шақырылады. Дөңгелек үстел ретінде. Оның өзінің хаттамасы және басқа материалдарының барлығы бар. Әр кафедра семинар сияқты шағын кылып өздері өткізеді. Факультет деңгейінде өткізген кезде әр түрлі салалардан келеді, бізге өздерінің ұсыныстарын айтады. Мысалы, банк саласын алатын болсам, олар бізге банктерге маркетингтер керек деп айтады. Олардың барлығын ескеріп отырмыз және сондай пәндерді біз білім беру бағдарламасына енгіземіз. Сол кісілердің ұсынысы аясында.

Кабдушев А.А. сөз алды: Яғни, соның аясында хаттама негізделе ме? Эксперттердің қорытындысы бар ма?

Альпенова Б.А. сөз алды: хаттама негізделеді, эксперттер қорытынды береді.

Иржанова Г.Ж сөз алды: Сіздерде жаңадан ашылған білім беру бағдарламасы бар «Управление госуслугами» деген, ЦОН-мен бірлесіп жасалатын. Осы бағытта қазақша жалпы республикада кітап жоқ. Біз мұны сабақ беретін оқытушыға да айттық. Жалпы Қазақстанның барлық өңірін қарадық. Бірақ кітап таппадық. Тіпті болмай жатса лекция жинақтарын жасап, кафедра деңгейінде осы мәселе шешілсін деп айтылған. Бірақ әлі күнге дейін шешілген жоқ. Осы бағытта қандай жұмыстар жасалып жатыр? Пәндерінің аттары да қызық, «Жасыл жағалау» деген сияқты. Бұл пәндерге қазақша кітаптар жоқ. Осы бағыт бойынша орысша кітаптар Республикада жеткілікті. Қазақ тіліне аударам десе кітаптар тауып береміз. Сол сияқты осы пәндермен жұмыс жүріп жатыр ма?

Альпенова Б.А. сөз алды: Бұл ақпаратты мен тиісті кафедраға жеткіземін. Олар орысша ресурс бар деп маған ескертті. Ашылғанына 1 жыл ғана болды. Кафедра деңгейінде жоспарланған. Іске асырылуда деп есептеймін.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Жалпы, Баян ханым, есепті қайта жасаңыздар. Бұл есеп талаптарға сәйкес емес. Барлық мәселелер толық жазылмаған.

Төрайым сөз алды: Бұл есепті факультет кеңесінде талқылайсыздар ма?

Альпенова Б.А. сөз алды: Ия талқылаймыз.

Төрайым сөз алды: Онда шешім қабылдайық, Білім беру бағдарламасының дамыту жоспарын жаңартылсын. Эксперттердің ұсыныстарын жүзеге асыру және есепті қайта дайындау жұмыстары белсендірілсін.

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Алдарыңызға, Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық факультетінің сапа комиссиясының есебін ұсынамын. Біздің факультетімізде 4 кафедра бар. Төрт кафедра 4 білім беру бағдарламасы бойынша жұмыс істеп келді. Олар: 6B01405- «Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау» - 151 студент (6 грант), 6B01407- « Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» - 256 студент (20 грант), 6B01410- «Дене шынықтыру және спорт» - 215 студент (63 грант), 6B01421 – «Білім саласындағы дене мәдениеттік-спорттық қызметі» - 1214 студент (328 грант. Сонымен қатар, «6B01422 – Дене шынықтыру және спорт бойынша жаттықтырушы мұғалімдерін даярлау» Білім беру бағдарламасы ашылып жатыр. Енді осы 4 кафедра бойынша 6B01405 БББ 15%-ға жаңартылды, 6B01407 БББ 25%-ға жаңартылды, 6B01410 БББ 20%-ға жаңартылды. Сонымен қатар, бізде 6B01407- « Бастапқы әскери дайындық және денешынықтыру мұғалімдерін даярлау» БББ қос мамандық болғандықтан, 3 кредиттен, 5 кредитке ауыстырылуына байланысты 100% жаңартылып реестрге салынды. Биылғы оқу жылы 7M01422 БББ әзірленіп лицензия алу бойынша құжаттар әзірленіп жатыр. Оқу құралдары, ашық сабақтар барлығы жоспарға сай түгел орындалды.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Үлгерім 86%-дан 75%-ға көктемде түсіп кетіпті, не себептен? Не кедергі болды? Нақты себептерін айтсаңыз? Академиялық үлгерім дегеніміз нағыз оқу процесінің сапасы, ол 86%-дан неге 74,8%-ға түсті?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Енді ол бізде мамандықтың ерекшелігіне байланысты.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Мамандық дегенде қыста да, көктемде де сол бір мамандық қой.

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Бізде спортсмендер көп. Солардың көбісі жазғы семестрге қалады. Сондай себептерден деп ойлаймын.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Оқу-әдістемелік құралдар бойынша қанша жоспарланды және қаншасы орындалды?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Факультет бойынша 14 оқу-әдістемелік құрал жасалынды.

Төрайым сөз алды: Жоспарланғаннан қанша пайыз орындалды?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Жоспарланғаны басқа қағазда.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Сонда сіздерде жоспарлау деген жоқ па?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Жоқ жоспарда кесте бар еді. Бұл есепте орындалғанын ғана көрсеттім.

Төрайым сөз алды: Біз бұл жерден қанша пайыз орындалғанын қалай білеміз?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Жоқ көрсеткіштер жақсы. Жоспарланғаннан ауытқушылығы аз.

Төрайым сөз алды: Сізге 50% жақсы, маған мысалы 20% жақсы ма, 70% жақсы ма немесе 100%, оны қайдан білеміз?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Жоқ, бұл жерде орындалғаны шамамен 80%.

Төрайым сөз алды: Сонда қалай?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Мысалы 20 болса оның 18 орындалды деген сияқты.

Төрайым сөз алды: Сияқты емес, нақты болу керек.

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Жоқ қатты ауытқушылық болмағаннан кейін орындалған көрсеткіштерді ғана жаздық.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Сіздер Есеп берудің тәртібін, талаптарын білесіздер ма?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Ия

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Бұл не? Тіпті, бұл жерде көрсетілмеген күннің өзінде де сіз оны жатқа білуіңіз керек қой. Факультетте ең ірі көрсеткіштер бар. Оны білмесеңіздер қалай оны талқылап, қалай есеп дайындап жүрсіздер?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: ия есепті өзгертеміз.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Есепті қайта дайындап, дұрыстап өткізіңіздер. Есептің жазбаша түрінде бар ма қол қойылған нұсқасы? Презентациялық материалға қол қойып өткізе алмайсыздар ғой. Барлық құжаттарыңыз ресми түрде болу керек. Қол қойылған есебіңіз барма?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Бар.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Неге көрсетпейсіздер?

Ерлеспесова А.Қ. сөз алды: Презентация деген соң солай алып келдім.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Жоқ презентация өз алдына, жазбаша нұсқасы қайда? Сіздерге күн тәртібінде есебі деп тұр ғой, бұлай болмайды. Сұрақтар бар ма? Жоқ болса келесі факультеттің есебін тыңдайық.

Шаймерденова Г.З. сөз алды: Құрметті комитет мүшелері, алдарыңызға Жаратылыстану факультетінің есебін ұсынамын. Біздің факультетімізде 5 кафедра бар. Олар:

- Математика
- Физика және информатика
- Химия
- Биология

- Білім берудегі тарих және география

Сонымен қатар, факультетімізде 26 білім беру бағдарламасы бар. Оның ішінде Білім беру бағдарламаларының 3-уі Математика кафедрасында, 7-уі Физика және информатика кафедрасында, 4-уі Химия кафедрасында, 6 – Биология кафедрасында, 6 – Білім берудегі тарих және география кафедрасында. Білім беру бағдарламаларының барлығы кейбір пәндер енгізілуіне байланысты қайтадан реестрге тіркеліп, экспертизадан өтті. Кафедралардың оқу әдістемелік жұмыстарының үйлестірілуі- жоспар бойынша 5 кафедрада 21 оқу әдістемелік жоспарланған. Оның 13-і орындалды, 8-і орындалмады. Орындалмау себебі, осы оқу жылына авторлардың әр түрлі мәселелеріне байланысты. Енді факультет бойынша ашық сабақтардың өткізілуіне тоқталатын болсам, жүз пайыз ашық сабақтар өткізілді. Қандай сұрақтарыңыз бар?

Төрайым сөз алды: Қанша оқу әдістемелік материал жоспарлап, қаншасы орындалды дедіңіз?

Шаймерденова Г.З. сөз алды: 21 оқу әдістемелік жоспарланған. Оның 13 орындалды.

Төрайым сөз алды: Сіз маған айтып беріңізші. Сіздер қалай жоспарлайсыздар? Сіздер әр адамнан жинайсыздар ғой ия, жинаған кезде адамдардан оқу – әдістемелік материалы кемінде 70-80% дайын болу керек.

Шаймерденова Г.З. сөз алды: Сұрағыңызға рахмет. Бізде әр кафедрада пән оқытушыларының жеке жұмыс жоспары болады. Сол жерде оқытушылар 1 жыл ішінде не жасайтынын жоспарлайды. Біз сол жоспар негізінде аламыз. Көп оқытушылар үлгермей қалады.

Төрайым сөз алды: Жаңа оқу жылына оқытушылар барлығын жоспарлай береді. Ал 70-80% дайын болған материалды көрсету сіздің міндетіңіз. Немесе, дайын, техникалық бөлігі ғана қалған материалды жоспарға қосу керек. Әйтпесе, жоспарлап тастап, 30 оқу-әдістемелік материал шығара беріңіздер. Бірақ, нақты орындалған көрсеткішке келгенде, оның барлығы орындалмайды. Сондықтан, жоспарлау барысында дұрыс жоспарлау қажет.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Осыдан шығатын қорытынды, сапа комиссиясы жай ғана мәліметтерді жинап алып, оны қосып алып шығаратын орган болып отыр. Сіздер оның барлығын жақсылап ойластырып, талдау жасау керек. Есебіңізде білім беру бағдарламасының дамыту жоспары туралы ештеңе жазылмаған. Эксперттердің ұсынымдары туралы да жазылмаған. Білім беру бағдарламаларының деңгейі қандай? «НААР», «Атамекен», «НАОКО» бойынша да ұсынымдар шығып жатыр. Жан-жақты қарастыру керек қой. Сіздер осы факультеттің жүрегі болуларыңыз керек, оқу процесіне қатысты. Оның сапасына қатысты. Әр жерден теріп-теріп, 2-3 мәселе жазасыздар. Оның тең жартысын ұмытып кетесіздер.

Иржанова Г.Ж сөз алды: Осы жерден қоссам болады ма? Жалпы біз жыл сайын тапсырыспен кітаптар аламыз. Сонымен қатар, университеттің баспасынан да кітаптар шығады. Шыққан кезде анализ жасалады ма? Мысалы, біз қорға да сатып аламыз, оқытушы да жазады. Ал неге сол бағыттағы кітаптарға анализ жасалынбайды? Баспаға тапсырыс береді. Біз әйтеуір ең соңында алып үлгереміз. Баспаны салыстырып, біздің қорда мынау бағытта әдебиет жеткілікті деп соңында жазып береміз. Мынау бағытта әдебиет бар қорда, оны университеттің қаражатынан шығарудың қажеті жоқ деген түсініктеме жазып береміз жанына. Егер, автор жазғысы келсе, жаза берсін. Бірақ та университеттің қаражатына емес. Сол сияқты кафедрада да, факультетте де осындай бір анализ жасалса екен деген ұсыныс бар. Мен 3 жыл қатарынан, силлабусқа қол қоюды сол үшін ұсындым. Әр алынған ресурсты пайдалану керек. Студентке ұсыну қажет. Мен кездескенде олардан сұраймын, «осындай әдебиет алдың ба, оқып жатырсың ба» деп. Біз залдарға көрме жасап қоямыз, сол оқулықтарды қойып. Сол кезде көп жерде айтады, бізге ұсынылған жоқ, танысқан жоқпын деп, тек қана интернеттен алып пайдаланамыз дейді.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Бұл есепті де қабылдай алмаймыз деп ойлаймын. Пікірлеріңіз болса айтыңыздар. Басқа сұрақтар жоқ болса, соңғы факультеттің есебін тыңдайық.

Комитет хатшысы сөз алып: Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінен жиналысқа ешкім қатыспағаны туралы ескертті.

Төрайым сөз алып: Барлық факультет бойынша сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жұмысына көңілі толмайтынын жеткізіп, «қанағаттанарлықсыз» баға берілетінін ескертті. Сонымен қатар, комитеттің жиналысында есебін баяндамаған Педагогика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің сапаны қамтамасыз ету комиссиясының төрайымынан түсініктеме алынатынын айтты.

Шешім: Барлық факультеттердің сапа комиссиясының есебін қайтадан жасап, қамтылатын бүкіл көрсеткіштерді қосып, анализ жасап, талдап және он күн ішінде комитетке өткізілсін. Жаңа оқу жылы басына барлық сапа комиссиясы төрағалары шақырылып тренингтер өткізілсін.

3-ші мәселе бойынша Аккредиттеу, рейтинг және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің маманы Маткурбанова Ж.Д. сөз алды:

Құрметті комитет төрайымы және комитет мүшелері, сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған СМЖ құжаттарының реестрі және үйлестіру мәселелері. Университте 129 ішкі нормативтік құжаттар бар. Классификация бойынша құжаттар 3-ке жіктеледі. 1-ші жіктеу – мазмұны бойынша. Олар: Кодекс, стандарттар, тұжырым, саясаттар, регламенттер, ережелер, қағидалар, жұмыс нұсқаулықтары, критерийлер. 2-ші жіктеу – бағыт бойынша. Яғни, сала бойынша дегеніміз жетекшілік ететін проректорларға қарай бөлінеді. Олар: 1)Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор, 2)Басқарма Мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, 3)Басқарма Мүшесі – Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор, 4)Басқарма мүшесі – Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, 5)Басқарма мүшесі - Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор, 6) басқа бағыттағы құжаттар. 3-ші жіктеу – ESG сапа стандарты бойынша бойынша. Біз негізінен ішкі нормативтік құжаттарды осы бағыт бойынша тіркейміз. Олар: 1)Басқарушылық процесс, 2) Қолдаушы процестер, 3) Оқу процесі, 4) Ғылыми – зерттеу процесі, 5)Тәрбиелік процестер, 6)Сапаны қамтамасыз ету процесі.

СМЖ ішкі нормативтік құжаттарының классификациясы
I. Жіктеу (мазмұны бойынша)

№	НҚА түрі	Саны
1	Кодекс	1
2	Стандарттар	7
3	Тұжырым	1
4	Саясат	2
5	Регламент	2
6	Ереже	97
7	Қағида	6
8	Жұмыс нұсқаулығы	12
9	Критерийлер	1
Барлығы		129

II. Жіктеу (бағыт бойынша)

№	Жетекшілік етуші проректор	Қолдану мерзімі бар құжаттар	Қолдану мерзімі аяқталған құжаттар	Барлығы
1	Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор	20	0	20
2	Басқарма Мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	38	12	50
3	Басқарма Мүшесі – Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректор	16	1	17
4	Басқарма мүшесі – Әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор	2	24	26
5	Басқарма мүшесі - Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі проректор	4	4	8
6	Басқа бағыттағы құжаттар	1	7	8
Барлығы		81	48	129

III. Жіктеу (ESG сапа стандарты бойынша)

№	НҚА түрі	Саны
1	Басқарушылық процесс	6
2	Қолдаушы процестер	16
3	Оқу процесі	54
4	Ғылыми – зерттеу процесі	15
5	Тәрбиелік процестер	29
6	Сапаны қамтамасыз ету	9
	Барлығы	129

СМЖ формалары

Бөлім атауы	Форма нөмірі	Форма атауы
Кафедра	Ф 3.26 - 2024	Акт приема-передачи курсовых проектов/работ, отчетов по практике
	Ф 3.27 – 2024	Анкета обучающегося
Оқу бөлімі	Н 3-1.1.26 – 2025	Құрстық жобаларды(жұмыстарды) қорғау журналы
	Н 3-1.1.27 – 2025	Кафедра есебі

- III. Академиялық бағыт
Ф – АБ – (1,2,3,4,5,6,)-001
- IV. Ғылым бағыты
Ф – ҒБ – (1,2,3,4,5)- 001
- V. Тәрбие бағыты
Ф – ТБ – (1,2,3,4,5)- 001

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Жаңа 3 түрлі классификация мысалдары келтірілді. Бұл университеттегі қолданылып жүрген классификация түрлері. Құжаттарды кодтау қолдануды жеңілдету үшін қажет. Бірақ, бұл жіктеуді көпшілігі білмегендіктен шатастып жатады. Сондықтан біз әдейі бұл сұрақты комитетке алып шықтық және осы жіктеуге түзетулер ендірсек. Оны сандардай басқа, әріптермен де белгілесек, реттеу, жіктеу оңай болады. Сонымен қатар, СМЖ формалары, олардың да шифровкасын өзгерту керек деп ойлаймын. Өйткені бір шифровкамен бірнеше форма кездеседі. Шешім қабылдап, жаңа оқу жылында жаңа кодтау жүйесіне көшейік деп ұсыныс тастағым келіп отыр.

Айта кететін бізде екінші мәселе: бизнес-процестері анықталмаған, яғни алгоритмі анықталмаған процестер бар. Олар:

- 1) Академиялық жұмыс жөніндегі департамент - Элективті пәндер каталогы, Қос дипломды білім беру, “Үздік оқытушы” байқауына қатысушыларды іріктеуге қойылатын талаптар, апелляциялық комиссия туралы ереже;
- 2) Тіркеу офисі – мониторинг комиссиясы туралы ереже.
- 3) Ғылым және коммерцияландыру департаменті - Жас ғалымдар кеңесі жұмысын ұйымдастыру процесі, Жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары (магистратура, докторантура) бойынша ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру тәртібі;
- 4) Персоналды басқару қызметі - Кадр саясаты, Кадр резерві, Қауымдастырылған профессор (доцент, профессор) міндетін атқарушы лауазымына ауыстыру тәртібі, Әкімшілік-басқару және әкімшілік-шаруашылық, қосалқы қызметкерлер құрамының бос орындарына конкурс өткізу талаптары;
- 5) Маркетинг және кәсіби бағдар басқармасы - Кәсіптік бағдар жұмысын ұйымдастыру тәртібі;
- 6) Әкімшілік шаруашылық басқармасы - Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі нұсқаулығы;
- 7) Ақпарат және медиакоммуникация орталығы - Университеттің ресми сайты бойынша жұмыс нұсқаулығы; Ректор блогы, декан блогы т.б. жұмыстарын ұйымдастыру, жүргізу тәртібі;
- 8) Цифрлы мұрағат - Архивтік құжаттарды қабылдау жинақтау, есепке алу, сақтау және растау қағидалары;
- 9) Қауіпсіздік қызметі - Бейнебақылауды жүргізу талаптары мен тәртібі.
- 10) Техникалық қамтамасыз ету және IT қолдау орталығы - Компьютерде жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздігі бойынша жұмыс және қызмет қызмет көрсету реті тәртібі.

Құрылымдық бөлім басшыларына қызметтік хаттар жолданған. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін мұны орындауға сіздер де қолдау жасаңыздар.

Төрайым: Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса,

ұсынылып отырған ақпарат ретінде назарға алып, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

Шешім: СМЖ формаларының кодтау жүйесі бойынша әзірленген түзетулер мен өзгерістер университеттің жаңа структурасы бекітілген соң іске асырылсын. Жауапты: Маткурбанова Ж.Д.

4-ші мәселе бойынша Ақпарат және медиакоммуникация орталығының басшысы Абдуллаева З.Р. сөз алды:

Құрметті комитет төрайымы және комитет мүшелері, назарларыңызға М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті ректорының Блогы туралы ереже жобасын ұсынып отырмын.

Қысқаша ереже туралы айтып кетсем. Осы Ереже ректордың ресми блогының (бұдан әрі – Блог) мақсаты, мазмұны және жұмыс істеу тәртібін айқындайды. Ректордың блогы – университеттің ресми сайтында орналастырылған, университет ректорының студенттермен, оқытушылармен, қызметкерлермен және жұртшылықпен ашық әрі тұрақты қарым-қатынас орнатуына арналған. Жазбалар кемінде айына бір рет жарияланып отырады. Қажет болған жағдайда жазбаларға пікір қалдыру мүмкіндігі беріледі. Пікірлер модерациядан өтіп, әдепсіз немесе заңсыз мазмұндағы жазбалар жойылады. Құжаттың жобасы алдын-ала паблик қосымшасына салынып қойған болатын. Ұсыныстарыңыз, сұрақтарыңыз болса айтсаңыздар.

М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің ректорының Блогы туралы Ереженің жобасы

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже ректордың ресми блогының (бұдан әрі – Блог) мақсаты, мазмұны және жұмыс істеу тәртібін айқындайды.
- 1.2. Ректордың блогы – университеттің ресми сайтында орналастырылған, университет ректорының студенттермен, оқытушылармен, қызметкерлермен және жұртшылықпен ашық әрі тұрақты қарым-қатынас орнатуына арналған сандық алаң.
- 1.3. Бұл Ереже университет Жарғысына, ішкі нормативтік құжаттарға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы ақпараттық және этикалық заңнамаларына сәйкес әзірленді.

2. Блогтың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Басқарушылық шешімдердің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету.
- 2.2. Университеттің маңызды жаңалықтары, өзгерістері мен даму жоспарлары туралы жедел ақпарат беру.
- 2.3. Ректор мен университет қауымдастығы арасындағы өзара сенім мен диалогты нығайту.
- 2.4. Университеттің он имиджін қалыптастыру және корпоративтік мәдениетті дамыту.

3. Блогтың мазмұны

- 3.1. Блогта келесі жазбалар жарияланады:

- Ректордың ресми үндеулері мен хабарламалары;
- Университет өміріндегі маңызды оқиғаларға байланысты түсіндірмелер;
- Іссапарлар, кездесулер мен форумдар туралы есептер;
- Студенттер мен қызметкерлердің сұрақтарына жауаптар;
- Білім, ғылым, жастар саясаты және университет дамуына қатысты ой-толғамдар.

Дарибаев Ж.Е. сөз алды: Әріптестер, бұл сұрақты енгізген себебіміз, өзімізден басқа бұл жайтқа сыртқы сарапшылар да назар аударған. Сіздердің университеттеріңізде ректор блогы, декан блогтары бар ма, бар болса оны кім қадағалайды, қандай ережеде көрсетілген деген сұрақтар қойылған. Неге ол қазір жұмыс істемей тұр? Кім мұны реттейді деп айтылды. Сонымен қатар, бұл мәселеге декандардың блогында қосу қажет деп санаймын.

Төрайым: Осы ректор блогы туралы ережені қарап шықтым. Жанали Еркінбекович, дұрыс айтасыз, құжатты әлі толықтай қайта қарау керек, біраз түзету енгізу қажет. Сонымен қатар, осы ереженің ішіне декандар блогын да қосу қажет.

Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ережені ақпарат ретінде назарға алып, М.Х.Дулати атындағы Тараз университетінің ректорының Блогы туралы ереже жобасы бекітілсін деп шешім қабылдайық. Бірақ бұл құжат бойынша әлі де жасалатын біраз жұмыстар бар. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.


Шешім: М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Ректорының Блогы туралы ереже бекітуге ұсынылсын. Жауапты Абдуллаева З.Р. Мерзімі 2025ж. қыркүйек айы.

Төрайым



Ш.Есимова

Хатшы



Ж.Маткурбанова